



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 205 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 205a

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 205

P020205_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;
осы қаулыға қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 мамырдағы

N 205a қаулысына

қосымша

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 12 ақпандағы

N 205 қаулысына

5-қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және
демография жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

Репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларына тұрғын
үй сатып алудың 2002 жылға арналған 032 бюджеттік
бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 767986 мың теңге (жеті жүз алпыс жеті миллион тоғыз жүз сексен алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970204_Заңының 29-бабы; "Республикалық бюджеттен репатрианттар (оралмандар) үшін бөлінген қаражаттарды нысаналы пайдалану туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 P991194_ қаулысы; "Репатрианттардың (оралмандардың) отбасылары үшін үй сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 P010605_қ а у л ы с ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша өзінің тарихи отанына қайтып оралған оралмандарды дер кезінде жайластыру (тұрғын үймен қамтамасыз ету).

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N ! Бағ.! Бағ. ! Бағдарлама. !Бағдарламаларды!Іске асыру! Жауапты
!дарл.! дарл.! лардың (кіші !(кіші бағдарла.!мерзімдері! орындаушылар
!Коды ! Коды ! бағдарлама. !маларды) іске !
! ! ! лардың) атауы!асыру жөніндегі!
! ! ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

032 Репатрианттар. 2655 оралмандар 2002 ж. Қазақстан
дың (оралман. отбасылары үшін Мамыр- Республикасының
дардың) отба. тұрғын үй сатып желтоқсан Көші-қон және
сыларына алу демография
тұрғын үй жөніндегі
сатып алу агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2655

оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету."

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК